

**ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ**

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК**

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА**

Кафедра: Қоғамдық денсаулық сақтау

# **Халықтың табиғи қозғалысын бағалау**

Орындаған: Әбдімүтәліп Е.Е

Тобы: ЖМ13-017-02

Тексерген: Баймолдин Н.Н

# Жоспар:

- 1) Демография ғылымы
- 2) Демографияның негізгі бөлімдері
- 3) Табиғи қозғалыс
- 4) Халық санының табиғи өзгеруі – демографиялық көрсеткіштер, оларды есептеу әдістері, деңгейі
- 5) Халық санының табиғи өзгеруін тіркеудегі дәрігерлердің рөлі

- **Демография** (грекше демос — халық) — белгілі бір халықтың, ұлттың, ұлыстың, ЭТНИКАЛЫҚ ТОПТЫН санын, құрамы мен құрылымын, аумаққа бөлінуін, өсу не кему динамикасын қоғамдық-тарихи жағдайлармен байланыстырып зерттейтін әлеуметтік ҒЫЛЫМ саласы.
- Медициналық демография – халықтың механикалық және табиғи қозғалысы үрдісіне медициналық-әлеуметтік фактордың әсерін зерттейтін және тұрғындар денсаулығының көрсеткіштерін жақсартуға арналған ұсыныстарды өңдейтін ғылым.

- Демографияның бөлімдері:
- 1 Статика
- 2 Динамика
- Статика-белгілі бір уақытқа сәйкес халық санын, орналасуын, жасы, жынысы, ұлты, әлеуметтік және кәсіптік тобы ж.т.б белгілеріне сәйкес таралуын сипаттайды.
- Динамика-халық санының өзгерушілігін зерттеу. Динамиканың 2 түрі бар: халықтың механикалық қозғалысы, халықтың табиғи қозғалысы.

- Табиғи қозғалысқа-туу және өлу процестері, өмір ұзақтығы, табиғи өсу мен азаю көрсеткіштері, ана өлімі, 5 жасқа дейінгі балалар өлімі, т.б жатады
- Халықтың табиғи қозғалысын демография зерттейді. Сондықтан оның көрсеткіштерін демографиялық көрсеткіштер деп атайды. Олардың негізгілері - туу (туғандар саны), өлу (өлгендер саны), туғандар мен өлгендер санының айырмасы табиғи өсімді көрсетеді. Егер де өлім туудан артық болса, халықтың табиғи азаюы (депопуляция) пайда болады. Демографиялық, көрсеткіштерді абсолюттік цифрлармен (жүз, мың немесе миллион адам) беруге болады, бірақ көбінесе оларды 1000 тұрғынға шаққандағы есеппен промилль арқылы (‰ белгісімен) көрсетеді. Демографиялық көрсеткіш бойынша табиғи қозғалысты 2 типке бөледі: **байырғы және қазіргі**. Байырғы табиғи өсім 12‰-ден артық болатын, ал қазіргі өсім бойынша 12 ‰-ден төмен. Халық қозғалысының бір типтен екінші типке өтуін демографиялық революция дейді

# Демографиялық көрсеткіштердің формуласы

- Туу көрсеткіші:
- Өлім көрсеткіші::
- Табиғи өсу көрсеткіші:
- Әйелдердің бала туу көрсеткіші:
- Жасына сәйкес әйелдердің бала туу көрсеткіші:
- Некелі әйелдердің бала туу көрсеткіші:
- Жасқа сәйкес өлім көрсеткіші(сәбилер өлімінен басқа)
- Әр аурудың түріне сәйкес өлгендер көрсеткішін бөлек есептейді:
- Сәбилер өлімі:
- Перинатальдық өлім көрсеткіші

- Халық денсаулығына баға бергенде жалпы өлім көрсеткішіне қарағанда алдағы өмір сүру мерзімінің көрсеткіші күрделі және маңызды фактор ретінде қарастырылады. Халық тұрғындарының өмір ұзақтығын есептегенде барлық өлген адамдар жастарының ұзақтығын қосып, өлгендердің жалпы санына бөлгенде, өлген адамдардың орта жасы шығады. Алдағы өмір сүру ұзақтығын есептегенде халық санағының нәтижелері керек болады. Алдағы өмір сүру ұзақтығы әр жастағы адамдардың орта есеппен қанша жыл өмір сүретіндігін есептеу.


- Демографиялық көрсеткіштерді зерттегенде міндетті түрде халықтың жасына сәйкес оның құрамы да талданады. БҰҰ ұсынысы бойынша жасқа сәйкес халықтың 3 түрі болады:
- 1) Жас халық(65-тен асқандар 4 –дан аспайды)
- 2)Кемелденген( 65-тен асқандар 4-7 шамасында
- 3) Қарт(65-тен асқандар 7 –дан жоғары



# Халықтың табиғи өзгеруінің көрсеткішін бағалау үлгісі

Көрсеткіштерді бағалау	Туулық	Өлім	Сәбилер өлімі
Төмен	15-ке дейін	9-ға дейін	30-ға дейін
Орта	15-25 дейін	9-15 дейін	30-50 дейін
Жоғары	25	15	50

# 2013 жылғы Халықтың қоныстануының орта жылдық саны



# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- «Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару» 2001 жыл
- Википедия
- [www.medinfo.kz](http://www.medinfo.kz)